

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2023 жылғы 02-08 қараша

Респонденттердің саны: 12

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, NAC Analytica, Азия Даму Банкі, АКРА, Евразиялық экономикалық комиссия, Евразия Даму Банкі, Экономикалық зерттеу институты, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттердің болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2022 (факт)	2023	2024	2025
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	99,1	83,1 (82,0)	80,7 (80,7)	80,0 (80,0)
ЖІӨ %, ж/ж	3,2	4,6 (4,4)	4,5 (4,3)	5,0 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	20,3	10,0 (11,5)	8,0 (8,3)	7,0 (7,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	13,9	16,5 (16,5)	12,0 (12,3)	10,0 (10,0)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	94,1	81,9 (83,0)	86,5 (85,4)	90,7 (88,0)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	59,2	61,9 (59,8)	66,8 (60,8)	61,1 (60,2)
Курс USD/KZT жылына орта есеппен	460,5	458,0 (455,0)	477,8 (477,8)	490,7 (491,3)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %	8,0 (8,0)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж	4,0 (4,0)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Ағымдағы жылдың қараша айында респонденттер мұнай нарығындағы бағалардың құбылмалылығының сақталуына байланысты 2023 жылға арналған мұнай бағасы бойынша күтулерді баррель үшін 80,0 АҚШ доллардан **82,0** АҚШ долларға дейін қайта қарастырды. Кейінгі кезеңдер үшін мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары өзгерген жоқ, яғни 2024 жылы орта есеппен баррель үшін **80,7** АҚШ доллар деңгейінде, ал 2025 жыл бойынша баррель үшін **80,0** АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсуі бойынша болжамдар барлық болжамды аралығында жақсартылған: 2023 жылға – 4,4% – дан **4,6%** – ға дейін, 2024 жылға-4,3% - дан **4,5%** - ға дейін, 2025 жылға-4,5% - дан **5,0%** - ға дейін көтерілген.

* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

ТБИ. Инфляция бойынша талдаушылардың болжамдары 2023 жылға 11,5% - дан **10,0%** - ға дейін және 2024 жылға 8,3% - дан **8,0%** - ға дейін төмендеу жағына қарай қайта қарастырылды. 2025 жылға арналған болжам **7,0%** деңгейінде сақталады.

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. Өткен кезеңмен салыстырғанда респонденттер 2024 жылға арналған базалық мөлшерлеме бойынша күтулерді 12,3% - дан **12,0%** - ға дейін қайта қарастырды. 2023 және 2025 жылдарға арналған күтулер бұрынғы мәндерде сақталып, сәйкесінше **16,5%** және **10,0%** құрады.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша бағалауы біршама өзгеріс көрсетті. Осылайша, сарапшылардың 2023 жылға арналған экспорт көлемі бойынша күтулері 83-тен **81,9** млрд. АҚШ долларына, ал 2024 және 2025 жылдарға арналған болжамдар сәйкесінше 85,4-тен **86,5** млрд. АҚШ доллары және 88-ден **90,7** млрд. АҚШ долларына дейін өзгерді.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша күтулері бүкіл болжамды айқананда қайта қаралды. Аса қомақты өзгеріс 2024 жылға арналған импорт көлемі бойынша күтулер бойынша орын алуда - 60,8-ден **66,8** млрд. АҚШ долл. дейін. Сарапшылардың 2023 жылға арналған болжамдары 59,8-ден **61,9** млрд. АҚШ долл., ал 2025 жылға – 60,2-ден **61,1** млрд. АҚШ долл. дейін өзгерген.

КУРС USD/KZT. Ағымдағы жылдың қараша айында респонденттер 2023 және 2025 жылдарға арналған USD/KZT бағамы бойынша күтулерін бір АҚШ доллар үшін орта есеппен **458,0** және **490,7** теңгеге дейін шамалап өзгерткен (бұдан бұрын – бір доллар үшін 455 және 491,3 теңге. АҚШ доллары құрған). 2024 жылға арналған күтулер бір АҚШ доллар үшін **477,8** теңге деңгейінде сақталды.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме сол қалыпты **8%**

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынының бағалауы **4%** деңгейінде сақталуда.

Көптеген макрокөрсеткіштердің **болжамдық ауқымдары** не сақталып не елеусіз өзгеруін көрсетуде. Сонымен бірге, макро көрсеткіштер бойынша респонденттердің квартильаралық бағасының тарылуы немесе қолайлы аймаққа ауысуы байқалуда, бұл орта мерзімді болашақта ішкі және әлемдік экономиканың дамуына қатысты сарапшылардың күтулерінде белгілі бір сенімділікті көрсетеді.